



Есентуреева Гульмира Джумановна

«Бағалаудың заманауи технологиялары»  
пәнінен СӨЖ және СОӨЖ жүргізу мен ұйымдастыруға  
арналған әдістемелік нұсқаулық

Шымкент, 2025ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан  
педагогикалық университеті

«Биология» кафедрасы

Есентуреева Г.Д.

«Бағалаудың заманауи технологиялары»  
пәнінен СӨЖ және СОӨЖ жүргізу мен ұйымдастыруға  
арналған әдістемелік нұсқаулық

«6B01505- Биология мұғалімін даярлау» ББ студенттері үшін

Шымкент, 2025ж.

ОӘЖ 372.857

Құрастырушы: Есентуреева Г.Д. «Бағалаудың заманауи технологиялары» пәнінен СӨЖ және СОӨЖ арналған әдістемелік нұсқаулық. - Шымкент: Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, 2025ж.- 15 бет

Әдістемелік нұсқаулық «Бағалаудың заманауи технологиялары» пәнінен «6В01505- Биология мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы мен пәннің оқу жұмыс бағдарламасы талаптарына сәйкес жасалынған және оған СӨЖ тапсырмаларын орындауға қажетті деректер енгізілген.

«Бағалаудың заманауи технологиялары» пәнінен СӨЖ және СОӨЖ тапсырмаларын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықта тапсырманы орындау мерзімі, тапсырмаларға сипаттама және білім алушылардың тапсырмаларды орындау бағалау критерийлері берілген.

«6В01505- Биология мұғалімін даярлау» ББ студенттері үшін

Пікір берген:

Таскараева Калбиби Ахметовна - География кафедрасының аға оқытушысы

«Бағалаудың заманауи технологиялары» пәнінен СӨЖ және СОӨЖ тапсырмаларын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулық «Биология» кафедрасының мәжілісінде (хаттама № 5, «25» желтоқсан 2024ж.) қаралған.

© Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,  
2025г.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш – жігерін, саналы әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, студенттердің өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Студенттің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеріуді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Педагогика-психология ғылымында, өздігінен білім алу, студенттердің ақыл-ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады. Өзіндік жұмыстары әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу т.б.

Жоғарғы оқу орындарында студент білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек студенттердің танымдық қызметін ұйымдастырады және бақылайды. Сондықтан студенттің өзіндік жұмысы- оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анқытайды.

Сонымен қатар, студенттердің өзіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс-студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша өткізілетін сабақтардың жоспары (СОӨЖ) Студенттердің оқытушының қатысуымен жасайтын өздік жұмысы (СОӨЖ) - бұл дидактикалық міндеттерді өз бетінше шешуге, танымдық әрекетке қызығушылықты қалыптастыруға және ғылымның нақты саласында білімін толықтыруға бағытталған оқу жүктемесінің ерекше түрі. Өздік жұмысы логикалық ойлауларды дамытуды, оқу материалдарын меңгеруде студенттердің ізденушілік әрекетін, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз ететін практикалық міндеттерді жүзеге асырумен байланысты.

## СӨЖ, СОӨЖ жұмыстарын орындауға әдістемелік нұсқаулар

«Бағалаудың заманауи технологиялары» пәнін оқу барысында кредиттік жүйе бойынша оқитын күндізгі бөлім студенттеріне өздік жұмыстарын (СӨЖ) орындау міндетті болып есептеледі, ол студенттердің материалды толық игерулері үшін ойластырылған.

Өзіндік жұмыс (СӨЖ) – өзін-өзі дамыту үшін аудиториядан тыс жерде орындалады,

СӨЖ – студенттің аудиторияда және аудиториядан тыс жердегі жеке танымдық іс-әрекеті.

СӨЖ тәжірбиелік сабақ кезінде аудиторияда өтіледі, ол аралық бақылау кезінде оқытушының бақылауымен немесе оның тікелей қатысумен өтіледі.

СӨЖ тиімділігі лекцияға қарағанда практикалық және семинар сабақтарында артады (талдауларға қатысу, есептерді шешу, баяндама жасау т.б.).

СОӨЖ үйде кітапханада, компьютер кластарында, оқу залдарында оқытушысыз жасалынатын жұмыс.

СОӨЖ негіз ретінде оқытушы ұсынған әдебиеттер мен оқулықтарды өз бетінше пайдалану, сол арқылы күнделікті өмірде қолданысқа дағдылану әдеті кіреді.

СОӨЖ лекцияларды конспектілеу, семинарға дайындалу, есептер шығару, арнайы әдебиеттерді оқу, СОӨЖ тапсырмаларын орындау, емтиханға, аралық бақылауға дайындықтарды топтастырады.

СӨЖ келесі талаптарға сай болуы керек:

- семестрдің басынан бастап жүйелі түрде өткізіліп отыруы керек, сапалы білім мен дағды қалыптастыру

- жұмыстарда өткізу барысында міндетті түрде уақыты ескерілуі қажет

- СӨЖ әртүрлі нысанда болуы керек (баяндама, жағдайлық міндеттері т.б.)

- СӨЖ студенттерге нақтылы білім мен практикалық дағды қалыптастыруы керек.

- СӨЖ жоспарлау барысында біртіндеп мазмұны жағынан да, әдіс-тәсілі бойынша да күрделендіріп отыру қажет.

- СӨЖ - ге тапсырмалар аудиториялық сабақтарында қарастырылмайтын сұрақтарды қамту керек.

- СӨЖ өз ішінде тапсырмалары, тақырыптар тізімі мен сұрақтарды өткізу уақыты, әдебиеттер тізімі бағдарлама соңында көрсетуі керек.

- СӨЖдің орындалуын оқытушы семинар уақытында немесе СОӨЖ кезінде тексереді.

Бұл жұмыстар құқықтық-нормативтік түпнегіздерді талдап түсінуге негізделген, жиналған ақпараттарды дұрыс пайдалану қажет.

Өзіндік жұмысты орындау кезінде қойылатын талаптарға назар аудару керек. Олар уақытылы өткізіліп отыру керек. Уақытында тапсырмаған жағдайда, жұмыс қабылданбайды. Мазмұны толық ашылып тақырып пен жоспарына сай болуы керек, жұмыс соңында пайдаланған әдебиеттер тізімі көрсетілуі керек.

СӨЖ негізгі тапсырмаларының бірі реферат жазып тапсыру болып табылады.

СӨЖ тапсырмалары жазбаша (эссе, реферат, баяндама, глоссарий, т.б) және БАҚ-да мақалалар жазу түрінде беріледі. Студенттің СӨЖ тапсырмаларын тапсыру барысында олардың теориялық білімі, белсенділігі, ынтасы, тапсырманы меңгеру деңгейі, шығармашылық шешім таба білу дағдысы және келешек тарихшы маман ретінде тіл мәдениеті, сөз байлығы, нақты фактілерге сүйеніп дәлел келтіруі, ізденіпаздық шеберлігі бағаланады.

1 Тақырып және оның маңыздылығы.

2 Материалды өңдеу.

3 Жарияланымның мазмұны мен түрі.

4. Ақпарат жинаудың әдістері.

Студенттердің өзіндік жұмысты орындауы бірнеше кезеңдерден тұрады.

1. Дайындық кезеңі. Бұл кезеңде студент алған тақырып бойынша библиография құрады. Негізгі және сыбайлас (тектес) тақырыптар бойынша әдебиеттер оқиды. Қажетті материалдарды конспектілеп алады.

2. Жұмыс кезеңі. Алынған материалдар бойынша теориялық білімді жүйелеуді іске асырады. Бұл кезеңде жаңа ақпараттарды талдау, сараптау, оларды негіздеу, жаңа деректер іздестіру, ашу, жүйелеу орындалады.

3. Өңдеу кезеңі. Теориялық дайындамаларға сәйкес практикалық жағдайларда іске асырылатын тәжірибелер үлгілерін, олардың нәтижелерін талдау мен өңдеу жинақтау, біріктіру (кіріктіру) кіреді. Мұнда практикалық іс-әрекетте пайдалану көзделген үлгінің (нұсқаның) нақтылы оқу-тәрбие процесіне сәйкестілігі жапсарлатындығы тұжырымдалынады.

4. Мақұлдау кезеңі. Мұнда өз бетінше орындалған жұмыстардың нәтижелерін оқу процессінде мақұлдатудан (апробациялаудан) тұрады. Бұл кезеңде студент өз бетінше орындаған жұмыс мазмұнын, алған нәтижелерін, жасаған қорытындыларын мақұлдатады. Жұмыста пайдаланылған немесе өзі жасаған көрнекі т.б. материалдардың (кестелер, тізбелер мен ескертпелер, шартты белгілер т.б.) арнаулы, қолданылуы ашылып көрсетіледі.

Студент өз бетінше орындаған жұмыс нәтижелерін мазмұндауға даярлық барысында өзінің аудиторияда немесе оқытушы алдында сөйлейтін сөзінің қысқаша мәтінін алдынала жоспар бойынша даярлап алуы керек. Сондай-ақ тапсырманың орындалуын баяндау барысында тақырыпқа байланысты қойылуы мүмкін сұрақтардың жауабын да (болжамы бойынша) ойластырып қойғаны дұрыс.

Өзіндік жұмыстарды орындаудың мақсаты: Өз бетінше білімдерін тереңдете білу дағдыларын қалыптастыру, оларды талдау, әртүрлі жағдайларда қолдана білу. Оқу және ғылыми - әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру. Студенттер көрсетілген материалды өз бетінше оқып - үйренулері және арнаулы бөлінген сабақтарда жасалынған жұмыстары жайлы оқытушыға есеп берулері тиіс.

Студенттер өздігінен орындайтын жұмыстар жөнінде сөз қозғағанда, оның өзара тығыз байланысты екі міндетін ескерген дұрыс. Бұл міндеттердің біріншісі студенттердің дербестігін дамыту және одан әрі өрістету, оларды білімді өздігінен игеруге, дүниеге көзқарастарын қалыптастыруға үйрету, екіншісі – студенттердің алған білімдерін өздігінен іс жүзінде қолдана білуге баулу.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының негізгі мақсаты - лекцияда оқылған нақты материалдар негізінде теориялық мағлұматтарды бекіту, курстың теориялық бөлігін меңгеруді ұйымдастыру, ұғымдарды қалыптастыру.

Студенттердің өзіндік жұмысының ең басты міндеті - ғылыми зерттеулер жүргізе білу, яғни бақылау және жалпылау техникасын меңгеруге, жүргізілген бақылаулар мен жоспарлау нәтижесін сараптай білуге үйрету.

Студенттердің өздігінен атқаратын жұмыстары олардың ой еңбегін жандандыруға бағытталған және мұғалімнің берген тапсырмаларын орындаудың ең тиімді тәсілдерін өздеріне іздестіру көзделген.

«Картография топография негіздерімен» пәнінде студенттер өздігінен орындайтын жұмыстарды былай жіктеуге болады: кесте құрастыру, пирамидалық тірек сызба дайындау, карта схема сызу, оқу құралдарымен және басқа анықтама әдебиеттермен жұмыс істеудің, мақала және эссе жазу, глоссарий дайындау, альбом және портфолио дайындау, кроссворд құрастыру, жеке немесе топтық тапсырмаларды орындау, реферат жазу.

### **СӨЖ– дің негізгі түрлері және олардың орындалу ережесі**

**Тақырып бойынша эссе** – арнайы СӨЖ арналған дәптерде орындалады, көлемі 1 бет, қолмен жазылады. Құрылымы: тақырып аты, кіріспе, актуальдылығы, практикалық маңызы, салыстырмалы талдау.

**Глоссарий** - арнайы СӨЖ арналған дәптерде орындалады. Терминдердің анықтамасы жазылады. Жеке дәптер арнап алфавит тәртібімен немесе жүйелік тақырыптық бағытта орындауға болады.

**Презентация** – берілген тақырып бойынша студенттің өз ойын – пікірін дүниетануын білдіруі және оны қорғауы. Презентация тақырыпты қалай айқындауы, ашуы, қызықтыруымен бағаланады. Презентация электронды түрде парақ саны 15-20 бет болуы қажет. Презентацияны қорғауға 3-5 минут беріледі. Презентацияның құрылымы: тақырыбы, жоспары, негізгі бөлімі (мәтін, сурет, кесте, тірек сызба, карта схема), қорытынды.

**Карта - схема дайындау** – Тақырып бойынша аймақтың контур картасына сызбалар түсіру арқылы картаның бейнесін сызу. Көлемі 1 бет. Түсті қалам пайдалану. Құрылымы: тақырыбы, легендасы, масштабты, 5-6 сөйлемдік сипаттама.

**Мақала дайындау** – бет А4, көлемі - 3 бет, шрифт №14. (терілген нұсқа). Құрылымы: тақырыбы, орындаушының аты – жөні, түйіндеме орыс, ағылшын тілінде, мәтін, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, сілтеме жасау әдебиеттерге.

**Тест құрастыру**- бет А4, көлемі – 20 сұрақ. Құрылымы: тақырыбы, орындаушының аты - жөні, реттік нөмірі, әр сұраққа 5 нұсқа беру, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, дайын жауаптар кілті. Бағалауда тесттің тақырыппен сәйкестігі, сұрақтың құрылымы мен мәнісіне, жауаптың күрделілігіне мән беріледі.

**Альбом дайындау** - бет А4, көлемі – 10 бет. Электронды және қолмен жасауға болады. Студенттің өзіндік шығармашылық жұмысына еркіндік беріледі. Тақырыпқа сәйкестігі, мазмұндылығы бағалауда ескеріледі. Құрылымы: тақырыбы, орындаушының аты - жөні, суреттер мен қысқаша сипаттамалары.

**Тірек сызбалар құрастыру**- оқу материалдарын түсінікті меңгеріп, жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізеді. Тірек сызбалар көбінесе бекіту, қайталау сабақтарында қолданылады. Жеке тұлғаның өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы.
2. Оқуға деген қабілетінің артуы.
3. Өз ойының дербестігі.

Жалпы айтқанда, тірек сызбамен оқыту - заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық тапсырма. Дидактиканың, тәрбие теориясының, психологияның, таным теориясының – барлығының түйіскен нүктесінде қарастырылатын мәселе.

**Аналитикалық талдау** - Оқушының бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамыту. Өз пікірін ашық айтуы қажет. Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі.

**Рөлдік ойындарды дайындау және өткізу** – белгілі бір тақырып аясында тарихи тұлғалар, кейіпкерлер ретінде роль сомдау керек. Нақтырақ айтқанда студент тарихи тұлғаны ролге ене отырып, оның тарихтағы ролін ашып көрсетуі қажет. Мұнда тарихи нақты ақпарат, актерлік шеберлікке назар аударылады.

**Дөнгелек үстел**– студенттер белгілі бір тақырып бойынша өз ойларын ортаға сала отырып, оны пікір алмасу арқылы талқылайды. Сабақ барысында өзара сыйластық, регламент сақталуы қажет.

### **Студенттің өзіндік жұмысы тапсырмаларын орындау формалары**

**Эссе**-белгілі бір тақырып бойынша қысқаша тұжырым. Оның ерекшелігі – индивидуалдылық, оқытушы қойған мәселе бойынша өздігінше, шығармашылық түрде анықтай білу. Студенттерге өзіндік жұмыс ретінде берілген эссе тақырыптары оқытылып

отырған пән бойынша нақты сұрақтар болуы мүмкін. Оқытушыны студенттің жеке өз ойын біліуі ғана қызықтырады.

Эссе дегеніміз (фр. тіл. *essai* -тәжірбие, лат.т. *exagium* – құрау ) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Френсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды.

Эссе екіге бөлінеді: 1) субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту. 2) объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.

Қолданылуына қарай: әдеби жанрда, білімді бақылау әдісі ретінде, батыс елдерінде ЖОО-ға түсуде талап етіледі. Жазылу көлемі: 500 сөз, 1-2 беттен 20 бетке дейін.

Эссе жазу кезеңдері: Проблеманы анықтау -ойлану–жоспарлау –жазу–тексеру

### ***ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс ТАЛАПТАР:***

- Жеке көзқарастың көрінісі;
- Фактілі дәлелдер (аргументтер);
- Теоретикалық негіздеме;
- Терминдерді қолдану;
- Цитаталарды келтіру;
- Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- Сауаттылық (пункт., орфогр.);
- Юмор, сарказм;
- Қолд. ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

### ***Эссенің жазылу құрылымы:***

1. Кіріспе. Тақырыптың негізгі мәні мен негіздемесі тезис түрінде көрсетіледі;
2. Тақырыпты дамыту: Тақырыпқа сәйкес бар біліміңізбен: теория, фактілер, идея, ақпараттар, паралелдеу, аналогия, ассоциация, теңеу, сұрақтар қою, т.б. қолданып, дәлелдейсіз (аргументация).

Мыс. 1. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер.

2. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер;

3. Қорытынды. Жалпылау мен аргументтеріңіздің логикалық қорытындысы. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні».

### ***Жиі кездесетін қателіктер:***

1. Проблема ашылмайды;
2. Автордың жеке позициясы көрінбейді;
3. Теоретикалық негіздемесі жоқ;
4. Терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
5. Тымқарапайым өмірдің мысалдары көп;
6. Ауызекі сөздер, диалект, сленг, жаргон сөздер;
7. Келтірілген мысалдар автор позициясына қайшы;
8. Қорытындылау, түйіншығарудеген жоқ;
9. Логиканың болмауы.

***Портфолио*** - (*portfolio* – ағылшын сөзі.) – портфель сөзі – маңызды құжаттар үшін арналған папка деген мағынаны білдіреді. «Шетелдің жаңа сөздігінде» портфолио визиттік карточка есебінде қолданылады, яғни, адам туралы ақпарат, ұйымның белгілі құжаттарының жинағы, жұмыс үлгілері деп түсіндіреді.

Кейбір оқушылар өз білгенін жеткізіп айта алмайды, көрсете білмейді, осының нәтижесінде нашар баға алуы мүмкін. Сондықтан өздері оқитын пәндер бойынша жасаған жұмыстарын портфолиоға жинақтауларына болады. Оқушылардың шығармашылық жетістіктерін бағалау

құралы ретінде алғаш пайдаланған америкалық педагогтар еді. Портфолионы қазір тек оқушылар ғана емес, барлық шығармашылық иелері қолданады. Портфолионы мына жұмыстар бойынша бөлімдерге бөлу керек:

- пікірлер;
- баяндамалар;
- шығармашылық жұмыстар;
- практикалық, сарамандық жұмыстар есебі;
- рефераттар;
- жобалар мен зерттеу жұмыстары;
- өз-өзін тануға арналған әдебиеттер тізімі, дәйексөздер;
- бақылау жұмыстарының нәтижелері.

Аталған жұмыстардың қорытындылары мен алған марапаттауларды да портфолиоға салыңыз. Егер осы ұсыныс сізге ұнаса, мұғалімдеріңізбен ақылдасып, портфолио жасауыңызға болады. Портфолионы жинақтау арқылы өзіңіздің жетістіктеріңізге баға бере аласыз. Қай жерде сүрінгеніңізді түсінесіз.

Студент тапсырмамазмұнынайтубарысында:

- Тақырыптың оқу бағдарламасы аясында, оқу материалдарын толықтыруға яғни тақырыптың теориялық және әдістемелік практикалық жағынан толымды болуына жасайтын үлесіне;

- Тақырыптың ашылуына қатысты өзінше жасаған талдауларға, сараптауларға, болжамдарға, нәтижелерге, алынғанқорытындыларға баса назараударуы керек.

- Студент тақырып мазмұнын баяндау барысында оқыған әрі жоспар түзіпк ұрастырған материалдардың жүйелі орналастығын сақтай және дәлелді жіктелімде айтылуына жоғары мән беруі керек.

Студент өз бетінше жұмыс орындағанда ең болмағанда өз тұжырымдауынша, өзіндік ойлау аясында бір идеяны ұсынуына және оның нақтылығын дәлелдеп беруіне болады. Ондай жағдайдан студент тандаған тақырыпты курстық одан ары қарай дипломдық жұмысқа дейін дамытуына жол аша алады.

**Глоссарий-** - білімнің кез келген саласында түсіндірмесі бар, кейде басқа тілге аудармасымен, түсініктемелерімен және мысалдарымен жоғары мамандандырылған терминдер сөздігі.Кітаптардағы глоссарий - оқырманға таныс емес болуы мүмкін барлық сөздердің анықтамаларын қамтитын сөздік. Глоссарий мәтінді қабылдауды едәуір жеңілдетеді, өйткені адам кез келген уақытта сөздікке жүгінуге және белгілі бір терминнің мағынасын тексеруге мүмкіндігі бар. Глоссарий ретінде берілген тапсырманың көлемі тақырыпқа байланысты ұғым сөздердің көлеміне қарай 1-2 бет болуы мүмкін.

**Презентация** – берілген тақырып бойынша студенттің өз ойын – пікірін дүниетануын білдіруі және оны қорғауы. Презентация тақырыпты қалай айқындауы, ашуы, қызықтыруымен бағаланады. Презентацияның парақ саны 15-20 бет болуы қажет. Презентацияны қорғауға 3-5 минут беріледі. Презентацияның құрылымы: тақырыбы, жоспары, негізгі бөлімі (мәтін, сурет, кесте, тірек сызба, карта схема), қорытынды.

### **СӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптар:**

Студенттер СӨЖ тапсырмалары силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша жазбаша нысанда дайындалады. Студент тарапынан дайындалған СӨЖ оқытушының офис сағаттарында қорғайды. Қорғау кезінде тақырыпты қысқаша түсіндіреді және сол тақырыпқа байланысты оқытушы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруі талап етіледі.

СӨЖ туралы талаптар:

Тақырыптың негізіне кірмес бұрын студент СӨЖ тақырыбына кіріспе жасайды. Кіріспеде тақырыптың қысқаша тарихына тоқталады, құқықтағы орны мен маңызы қарастырылады.

Осыдан кейін негізіне тоқталады. Негізгі бөлімде тақырыпты жан жақты ашуға тырысады. Осы тақырыпқа байланысты ғылыми пікірлер, тәжірибеге тоқталады. Жұмыста студент тақырып шеңберінде еңбекте қаралған сұрақтарды көрсетіп автордың субъективті позициясын ашуға тиісті.

Осыдан кейін барып өзіндік қорытынды жасалады. Қорытынды да тақырыпқа байланысты өзіндік тұжырым, түйіндемелер жасалады.

Студенттер СӨЖ жазу барысында жұмыс бағдарламасында сонымен қатар силлабустарда көрсетілген әдебиеттерді пайдалана алады. Жұмыстың көлеміне байланысты шектеулер жоқ, бірақ тақырыпты жеткілікті дәрежеде ашуы тиіс. СӨЖ орындауда жоспары, мазмұны және қолданылған әдебиет тізімі көрсетіледі. Қолданылған әдебиеттер тізімінде, ғылыми еңбектің аталуы, авторы, баспа атауы, шыққан жері мен жылы көрсетіледі. СӨЖ мақсаты: тақырып шеңберінде жоспарда көрсетілген сұрақтар бойынша негізделген ғылыми және тәжірибелік қорытындыларды шығару.

## **ӨЗДІК ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІН РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

**СӨЖ орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар:** Студенттің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

**Презентация жасауға арналған нұсқаулық:** Презентация- белгілі бір ақпаратты таныстыруға арналған құжаттар жиынтығы. Презентацияның мақсаты - тыңдаушыларға презентация нысаны туралы толық ақпаратты ыңғайлы түрде жеткізу. Қазіргі уақытта презентация маркетингте қолданылады. Презентацияда бір мақсатта жұмылдырылған мәтіндер, гипермәтіндік сілтемелер, компьютерлік анимациялар, графика, видео, музыка және дыбыстық жазбалар болуы мүмкін (бірақ барлығы болуы міндетті емес) 5-6 слайдтан аспау керек. Сонымен қатар, презентация ақпаратты оңай қабылдау үшін ұйымдастырылған сюжет, сценарий және құрылымға ие болып табылады. Сондықтан, презентацияны жасау кезінде төмендегі берілген ережелерді сақтау керек:

1. Ақпараттық блоктарды дұрыс орналастыру керек;
2. Ұзақ сөйлем болмау керек;
3. Слайдта ақпараттың шектен тыс көп болмау керек;
4. Қарапайым түстерді қолдану керек;
5. Слайд жасауда Helvetica, Tahoma, Verdana және т.б сияқты қаріптерді пайдаланған жөн;
6. Қаріптің көлемі 30 pt-дан аз болмауы керек;
7. Қаріптік шамадан тыс сәндеп, өзгертудің қажеті жоқ.

**Эссе**-белгілі бір тақырып бойынша қысқаша тұжырым. Оның ерекшелігі – индивидуалдылық, оқытушы қойған мәселе бойынша өздігінше, шығармашылық түрде анықтай білу. Студенттерге өзіндік жұмыс ретінде берілген эссе тақырыптары оқытылып

отырған пән бойынша нақты сұрақтар болуы мүмкін. Оқытушыны студенттің жеке өз ойын біліу ғана қызықтырады.

**ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс ТАЛАПТАР:**

- Жеке көзқарастың көрінісі;
- Фактілі дәлелдер (аргументтер);
- Теоретикалық негіздеме;
- Терминдерді қолдану;
- Цитаталарды келтіру;
- Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- Сауаттылық (пункт., орфогр.);
- Юмор, сарказм;
- Қолд. ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

**Эссенің жазылу құрылымы:**

1. Кіріспе. Тақырыптың негізгі мәні мен негіздемесі тезис түрінде көрсетіледі;
2. Тақырыпты дамыту: Тақырыпқа сәйкес бар біліміңізбен: теория, фактілер, идея, ақпараттар, параллелдеу, аналогия, ассоциация, теңеу, сұрақтар қою, т.б. қолданып, дәлелдейсіз (аргументация).

Мыс. 1. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер.

2. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер;

3. Қорытынды. Жалпылау мен аргументтеріңіздің логикалық қорытындысы. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні».

**Бейне сабақ дайындауға арналған нұсқаулық-** (бейне нұсқаулық немесе скринкаст)

- бұл ақпараттарды компьютер экранынан жазу, әдетте экранда болып жатқан жағдайға түсініктеме беру мақсатында кадр сыртынан дауыспен сүйемелденеді. Бейне сабақтар белгілі бір ақпаратты оқыту және жеткізу тәсілдерінің бірі ретінде пайдаланылады. Бейне сабақ құрылымы (ұзақтығы – 5-7 мин. дейін)

Бейнесабақты жүргізуді қамтиды бірнеше кезеңдер:

- 1) сабақтың мақсатын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерді қою (экранда үлкен шрифтпен мақсат, міндеттер және күтілетін нәтижелер көрсетіледі);
- 2) жаңа оқу материалын түсіндіруі немесе өткен материалды алдыңғы сабақты қайталуы;
- 3) алынған білімді бекіту үшін оқу тапсырмалары, жаттығулар (активити) (экранда 2-3 тапсырма ірі шрифтпен);
- 4) жаңа тақырыпты бекіту үшін дыбыстық түсініктемесімен сүйемелденген рефлексия немесе сұрақтар қою (экранда 3-5 сұрақты ірі қаріппен көрсету);
- 5) тақырып бойынша қосымша сандық ресурстар беру (қолданылуы бойынша оқытушының дыбыстық нұсқаулығы бар 1-2 сандық білім беру ресурстарын ірі қаріппен экранда көрсету);
- 6) өз бетінше оқуы үшін ұсынылатын қосымша ресурстарға сілтемелер

**Студенттің аудиториядан тыс өзіндік жұмысы (СӨЖ) бойынша тапсырмалар, олардың түрі, таратылуы және орындалған СӨЖ бағалау**

**Тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі**

(Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады)

| Рейтинг | Сабақ түрі | Тапсырма | Тапсыру мерзімі (апта, күні) |
|---------|------------|----------|------------------------------|
|---------|------------|----------|------------------------------|

| P1 | Ағымдық бақылау 1 (АБ1) |  |                        |                |
|----|-------------------------|--|------------------------|----------------|
|    | №                       | Тапсырма түрлері   | ОН                     | Мерзімі        |
|    | 1. БӨЖ                  | «Білім беру үрдісінде бағалаудың алатын орны мен қызметі» тақырыбында эссе жазу (жеке жұмыс)                           | ОН-2;<br>ОН-3;<br>ОН-4 | 6 апта , жұма  |
| P2 | Ағымдық бақылау 2 (АБ2) |  |                        |                |
|    | 2. БӨЖ                  | «Оқушы қабілетін бағалауда PISA-Халықаралық бағдарламасының тиімділігі» тақырыбында презентация әзірлеу (жұптық жұмыс) | ОН-1;<br>ОН-4;<br>ОН-6 | 12 апта , жұма |

### Негізгі әдебиеттер:

1. Жусупова Д.Ж. Бағалаудың өлшемдік технологиясы. Оқу құралы. Қостанаай, 2020 - 106 б.
2. Мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. – Астана, 2016. – 48 б..
3. Турманова Ж.Е.Критериалды бағалау және оқушы білімін қадағалау:оқу құралы.- «LP-Zhasulan» ЖК, Алматы.2019.-66 б
4. Сулейменова З.Е. Критериалды бағалау технологиясы: оқу құралы. «ЭСПИ» баспасы. Алматы.2021.-204 б

### Қосымша әдебиеттер:

5. Мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.
6. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Биология" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. – Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 59-қосымша.
7. Жалпы білім беретін мектептердің 7,8,9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінің оқулықтары.

### Білім алушылардың БӨЖ бойынша жетістіктері мен нәтижесін бағалау критерийлері

#### Эссенің орындалуын бағалау критерийлері (20 баллдық жүйемен)

| Пәннің оқу жұмыс бағдарламасындағы(силлабус) ОН | Критерий   | Дескрипторлар                                    | Балл |
|---|--|--|------|
| ОН-2; ОН-3; ОН-4                                | Тілдік сауаттылық және академиялық стиль,тақырыптың ашылуы | -эссенің көлемі сақталған (250-300 сөзге дейін); | 5    |
|   |  | -жоспар құрылған;                                | 5    |
|   |  | -жазу сауаттылығы (пунктуация,                   | 5    |

|  |  |  |                 |
|--|--|--|-----------------|
|  |  | орфография)сақталған;  |                 |
|  |  | -мәтін логикалық тұрғыда тізбектей берілген;                             | 5               |
|  |  | -тақырып толық ашылған;  | 20              |
|  | <b>Теориялық негіздеме және дәлелдемелер</b> | -өзіндік ұстанымы ұсынылған;   | 10              |
|  |  | -салыстыру әдісі қолданылған;  | 5               |
|  |  | -пәннің академиялық тілі қолданылған;                                    | 5               |
|  |  | -тақырып күнделікті өмірмен байланыстырылған;                            | 10              |
|  |  | -мысалдар мен дәлелдемелер келтірілген;                                  | 10              |
|  |  | -қорытынды оймен жүйеленген;   | 10              |
|  | <b>Қорытындының негізділігі</b>              | қолданылатын ғылыми еңбектерге сілтеме жасалған (сілтемелерді рәсімдеу); | 5               |
|  |  | әдебиеттер тізімі көрсетілген;   | 5               |
|  | <b>Барлығы</b>                               |  | <b>100 балл</b> |

**Презентациялық тапсырманың орындалуы мен қорғауды бағалау критерийлері  
(100 баллдық жүйемен)**

| <b>Пәннің оқу жұмыс бағдарламасындағы (силлабус) ОН</b> | <b>Критерий</b>                              | <b>Дескрипторлар</b>   | <b>Балл</b> |
|---|--|--|-------------|
| <b>ОН-1; ОН-4; ОН-6</b>                                 | <b>Теориялық негіздеме және дәлелдемелер</b> | -таңдалған тақырыптың өзектілігі анықталған; тақырып толығымен ашылды                                      | 10          |
|   |  | -ғылыми ақпараттар қолданылған;  | 5           |
|   |  | - ғалымдардың көзқарасына салыстырулар келтірілген   | 5           |
|   |  | - қаралып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды талдап және өз позициясы логикалық түрде баяндалады | 10          |
|   |  | -нақты ақпараттар мен күрделі ұғымдар пайдаланылған;   | 5           |
|   |  | -пәннің академиялық тілі қолданылған   | 5           |
|   |  | -тақырып күнделікті өмірмен байланыстырылған   | 10          |
|   |  | -мысалдар мен дәлелдемелер   | 10          |

|  |   |  |                 |
|--|---|--|-----------------|
|  |   | келтірілген  |                 |
|  |   | нақты ұсыныстарын білдірген  | 10              |
|  | <b>Қорытындының негізділігі және рәсімделуі</b> | -өз ұстанымын баяндап, қорытындылар жасалды                                | 5               |
|  |   | рәсімдеу дизайна қойылатын талаптар сақталған                              | 5               |
|  |   | қосымша сұрақтарға дұрыс жауаптар берілді                                  | 10              |
|  |   | қолданылған ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасалынған және тізімі көрсетілген | 10              |
|  |   | <b>Барлығы</b>   | <b>100 балл</b> |

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

| Әріптік жүйе бойынша бағалау | Балдардың сандық эквиваленті | Балдар (%-тік құрамы) | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|------------------------------|------------------------------|-----------------------|-------------------------------|
| A                            | 4,0                          | 95-100                | Өте жақсы                     |
| A-                           | 3,67                         | 90-94                 |                               |
| B+                           | 3,33                         | 85-89                 | Жақсы                         |
| B                            | 3,0                          | 80-84                 |                               |
| B-                           | 2,67                         | 75-79                 |                               |
| C+                           | 2,33                         | 70-74                 |                               |
| C                            | 2,0                          | 65-69                 | Қанағаттанарлық               |
| C-                           | 1,67                         | 60-64                 |                               |
| D+                           | 1,33                         | 55-59                 |                               |
| D-                           | 1,0                          | 50-54                 | Қанағаттанарлықсыз            |
| FX                           | 0,5                          | 25-49                 |                               |
| F                            | 0                            | 0-24                  |                               |

Есентуреева Г.Д.

«Бағалаудың заманауи технологиялары»  
пәнінен СӨЖ және СОӨЖ жүргізу мен ұйымдастыруға  
арналған әдістемелік нұсқаулық